Қобда ауданының Талдысай орта мектебінің педагогикалық кеңестің

№3 ХАТТАМАСЫ (көшірме)

Қатысқандар: 42

Қатыспағандар: 0

5.11.2024ж

Күн тәртібінде:

1. «Қобда ауданының Талдысай орта мектебі» КММ-нің білім беру қызметтерінің МжМББС талаптарына сәйкес жүргізілген талдаудың мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы қорытындысы.

Сөз сөйлеген мектеп директоры К.Ж.Жубанова:

«Қобда ауданының Талдысай орта мектебі» КММ-де 2024 жылдың 14-21 қазан күндері аралығында мемлекеттік аттестаттау өткендігін айтты. Талдысай орта мектебінің білім беру қызметтерінің МжМББС талаптарына сәйкес жүргізілген талдаудың мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы жауап хаты келді. Осыған орай қателер табылып, бірнеше пунктерде көрсетілген. Осы сұрақтар негізінде жоспар құрылып, қателерді түзету жұмыстары жүргізіліп, мемлекеттік департаментіне жолданды. Анықталған кемшіліктермен оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.С.Избасарова таныстырып өтті.

Оқу жұмысы жөніндегі А.С.Избасарова сөз алды.

Мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған кемшіліктер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 1-қосымшасының 2 тараудың 13-тармағында тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) бір күнде үштен артық тоқсансандық жиынтық бағалау жұмыстарының талаптарын дұрыс орындау
2. Тәрбиеші Матжатнова Динагул Сапаровна біліктілік санатының жарамдылық мерзімі өткен.
3. Мектепалды даярлық тобы тәрбиешісінің жиынтық талдауы жүргізілмеген.
4. Мектепалды даярлық тобы әдіскерінің жиынтық талдауы жүргізілмеген.

Келесі сөз кезегін мектеп директоры жауапты мамандарға уақытылы түзету жұмыстарын жүргізіп, қатаң түрде орындалуын қадағалап, орындалған жұмыстарды тиісті сайтқа жүктеу керектігін ескертті.

Қаулы:

Мемлекеттік аттестаттау кезінде аталған кемшіліктер бойынша жоспар құрылсын және уақытында жойылсын.

Кеңес төрайымы: К.Жубанова

Хатшы: Д.Баянасова